


Silk Way Халықаралық  
Университеті

СӨЖ

**Тақырып:** Естуінде ауытқуы бар тұлғалардың  
педагогикалық жүйесі

**Қабылдаған:** Қараева А  
**Орындаған:** Кәрім Сабина  
**Тобы:** 105-71



Естімейтін және нашар еститін балалар арнайы бала бақшаларда және жалпы бала бақшалардағы арнайы топтарда және қалыпты балалар мен бірге қосылып тәрбие алуда. Мектеп жасына дейінгі естуінде ауытқуы бар балалар арнайы бала бақшаларға 1,5-2 жастан қабылданады, тәрбиелеу процесі бес алты жылға созылады. Бұл бала бақша құрамында күрделі кемістігі бар балалар үшін арнайы топтар ашылуы мүмкін. Арнайы бала бақшада диагностикалық, тәрбиелік-білім беру және түзету-дамытушы міндеггер жүзеге асады.

Естімейтін және нашар еститін балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып қалыпты құрбыларына дәйекті құбылыстарды жалпы жан жақты меңгеруін қамтамасыз етуді көздейді. Ерекше қалдық естуін дамыту үшін қазіргі дыбысты күшейткіш аппаратураны кеңінен пайдалану (жске, гоптық, жалпы сыныпта). Оқу бағдарламасындағы қоршаған орта туралы мәліметтерді меңгеру үшін үш тәсіл бірлесе жүреді: әрекет ету, бейнелеу, сөйлеу (ауызша, жазбаша дактиль арқылы). Бағдарламаның өзгеше тарауы - "Естіп қабылдауын дамыту мен дыбыс айтуға үйрету".

Естімейтін балаларды оқытуда екі педагогикалық жүйе жүзеге асады, олар: билингвистикалық оқыту және сөйлеу тіліне негізделген оқыту жүйесі, қарым-қатынастық (коммуникациялық).

Билингвистикалық оқыту жүйесі өткен ғасырдың 80-ші жж. дамыған, оның мәні - естімейтін тұлғаларды оқытуда сөйлеу тілімен бірге жест тілін бірге пайдалану (Г.Л.Зайцева). Екінші жүйе естімейтіндерді оқытуда сөйлеу тіліне үйретуді жетекші деп есептейді (С.А. Зыков).


Коммуникациялық оқыту жүйесінің негізгі ережелері:

- естімейтін балалардың сөйлеу тілінің заттық-тәжірибелік әрекет арқылы қалыптастыру;
- сөйлеу тілін дамыту үшін арнайы сөйлесуді қажет ететін ортаны дайындау. Бұл жерде дыбыс күшейткіш аппаратураны тиімді пайдалану қажеттілігі туындайды. Барлық арнайы түзету ұйымдарда оқыту процесі оқу жоспары, сабақ кестесімен реттеледі.

**Инклюзивті білім беру** – бұл әрбір білім алушыға өзінің физикалық, интеллектуалды, әлеуметтік, экономикалық, тілдік және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, содан кейін ересектену кезеңіндегі балалға қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін, оның сегрегация және оқшаулану қаупін төмендететін, оқыту мен тәрбиенің (дамыту және әлеуметтендіру) жалпы үдерісіне енгізілу мүмкіндігі ұсынылатын білім. Инклюзивті білім берудің негізіне, балалардың кез келген дискриминациясына (кемсіту) жол бермейтін және барлық адамдарға теңдей қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай құратын идеология алынады. Инклюзивті тұғырлар мұндай балаларға оқытуда және жетістікке жетуде қолдау көрсетеді, бұл өз кезегінде балалардың жақсы өмір сүруі үшін мүмкіндіктерін арттырады.

## Инклюзивті білім берудің негізіне келесі қағидалар алынады:

1. Барлық адамдардың құқықтарының теңдігі принципі (олардың даралығы мен ерекшеліктерін есепке алуды бір мезгілде сақтауда);
2. Дискриминацияның кез келген типіне жол бермеушілік, яғни мүмкіндігі шектеулі адамның білім алу құқығын және әлеуметтік өмірге қатысуын кез келген шектеуге жол бермеу;
3. Әлеуметтік қоғамдық өмірдің барлық саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудың ерекше құқықтарын мойындау, атап айтсақ, білім беруде (оқытудың арнайы жағдайлары, әлеуметтік инфрақұрылымның объектілеріне қолжетімділік және т.б.);
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның оның табысты әлеуметтенуі үшін барлық қажетті жағдайлар мен қызметтерді ұсынудағы міндеттері;
5. Барлық балаларды жалпы білім беретін орта мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерге қабылдаудың мүмкіндігі.



Мектеп жасындағы балалар арнайы мектептерде (естімейтіндер бөлек нашар естийтіндер бөлек), жалпы мектептердегі арнайы сыныптарда, қалыпты балалармен бір сыныпта оқытылады. Дәстүрлі тараған тәжірибе ол арнайы мектептерде оқыту. Білімнің мазмұны балалардың даму мүмкіндітеріне негізделген білім беретін оқу бағдарламасында бекітіледі.

Естімейтін балаларды оқытуда екі педагогикалық жүйе жүзеге асады, олар: билингвистикалық оқыту және сөйлеу тіліне негізделген оқыту жүйесі, қарым-қатынастық (коммуникациялық).

**Дамыта оқытудың негізгі мақсаты**

*Баланың еркіндігін қалыптастыру*

*Баланы оқыта отырып жалпы дамыту*

*Жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу*

*Өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру*

*Әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау*



# \* Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- \* ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.


# **Білім жетілдірудің негізгі мазмұны**

**Әдістемелік  
білімін  
жетілдіру**

**Теориялық  
білімін  
жетілдіру**

**Жалпы  
мәдени  
білімін  
жетілдіру**

**Пәндік  
білімін  
жетілдіру**



## Оқушының тұлғалық қасиеттері

Танымдық  
қабілетін  
жетілдіру

Білу  
Түсіну  
Қолдану  
Талдау  
Топтау  
Білімді бағалау

Танымдық  
процесті  
жетілдіру

Елестеу  
Ойлау  
Жады  
Зейін  
Қабылдау

Қажеттілікті  
қанағаттандыру

Қызығушылық  
қалыптастыру  
Өзін-өзі өзектендіру  
Шығармашылығы  
Қауіпсіздігі  
Қиындыққа дайын  
болу және оны жеңу  
Таным, сыйластық  
Өзін-өзі бекіту

## Қорытындылай кеслек:

Оқыту қиындықтары туындаған кезде мұқият педагогикалық тексеру қажет. Педагог – дефектолог тек қана балланың білім деңгейі туралы қорытынды жасамай, сонымен қатар оқу, жазу және есептерді меңгерудегі қиындықтардың немен шартталғанын анықтау қажет.

A decorative banner made of a dark red ribbon with a gold border, curled at both ends. The text is centered on the banner in a white, serif font. The background is a light brown, textured surface with vertical lines.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАҚМІЕТ